

**«Оңалту орталығының, Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің, Аутизм орталығының үздік педагогы» қалалық конкурсты өткізу туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында «Оңалту орталығының, Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің, Аутизм орталығының үздік педагогы» қалалық конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.

1.2. Осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңға, «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпыбілімдік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім берудің білімдік бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында қызмет атқаратын педагогтарды және оларға теңестірілген тұлғаларды және де білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметкерлерді аттестациядан өткізу Ережелері мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.3. Конкурс педагогикалық еңбектің беделін арттыру, арнайы білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - АБҰ) психологиялық-педагогикалық кадрларының шығармашылық белсенділігі мен әлеуметтік-кәсіби қасиеттерін дамыту, АБҰ үздік педагогтарының тәжірибесін тарату мақсатында өткізіледі. Конкурстың міндеттері: арнайы педагогтарды, психологтарды, ОО, ЕДШ, ППТК және аутизм орталықтарының нұсқаушыларын анықтау, қолдау және көтермелеу, ЕДШ, ОО, ППТК ұйымдарының және аутизм орталықтарының арнайы педагогтары, психологтары және нұсқаушылары кәсіптерінің әлеуметтік және қоғамдық беделін арттыру; инновациялық педагогикалық қызметті таратуға жәрдемдесу.

1.4. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК «Оңалту орталығының, Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің, Аутизм орталығының үздік педагогы» қалалық конкурстың негізгі ұйымдастырушысы болып табылады.

1.5. Конкурсқа арнайы білім беру ұйымдарында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар, Ереженің талаптарына сәйкес Конкурсқа қатысуға өтінім берген Қазақстан Республикасы оңалту орталықтарының (бұдан әрі - ОО), психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің (бұдан әрі - ППТК) және аутизм-орталықтарының (бұдан әрі - АО) педагогтары қатысады.

1.6. Ережеде келесідей ұғымдар қолданылады:

1) Конкурстық комиссия - Конкурстың осы кезеңінің жеңімпазын белгілеу үшін және Конкурстың келесі кезеңдеріне қатысуға ұсынымдар беру үшін қалалық деңгейде құрылатын комиссия (бұдан әрі - Комиссия);

2) конкурсқа қатысушы - осы Ережеге сәйкес Конкурсқа қатысуға құжаттарын ұсынған ОО, ППТК және АО штаттық маманы;

3) педагогтың электрондық портфолиосы - электрондық форматтағы жеке папка (ықшамдалған ZIP-папка), онда оның білім беру қызметіндегі жеке кәсіби жетістіктері, мүмкіндіктері шектеулі балаларды дамыту мен тәрбиелеу нәтижелері, педагогтың белгілі бір уақыт кезеңінде арнайы білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі көрсетіледі;

4) педагогтың бейне-визиткасы - педагогтың жеке қасиеттері мен кәсіби қызметі туралы қысқаша бейнеролик;

5) педагогтың әдістемелік кейсі - материалдардың құрылымданған цифрлық кешені: арнайы білім беру саласындағы ғылыми әзірлемелер мен зерттеулер, үздіктердің үлгілері.

## **2. Атақ беру тәртібі, қатысушылар критерийлері мен номинациялары**

2.1. «Оңалту орталығының, Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің үздік педагогы» атағы жыл сайын Конкурсқа қатысқан ППТК, АО және ОО педагогтарына конкурстық негізде беріледі.

2.2. «Оңалту орталығының, Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің, Аутизм орталығының үздік педагогы» атағын бір педагогқа үш жыл ішінде бір реттен артық беруге болмайды;

2.3. Конкурсқа келесідей критерийлерге сәйкес келетін педагогтар қатысады:

- ОО, ППТК, АО штаттық педагогтары болып табылатын;

- конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл үздіксіз педагогикалық өтілі барлар. Қатысушылардың жасы шектелмейді;

2.4. Конкурс аясында келесідей номинациялар құрылды:

- «Үздік сабақ» (жеке немесе кіші топтық);

- «Мүмкіндігі шектеулі баланың үздік жеке даму бағдарламасы»;

- арнайы педагогтың, педагог-психологтың, ЕДШ нұсқаушысының «Үздік әдістемелік кейсі»;

- «Педагогтың үздік бейне-визиткасы».

Әр маман тек бір номинацияға қатыса алады.

## **3. Конкурсты өткізу тәртібі**

3.1. Кезеңдерді өткізу мерзімдерін нақтылай отырып, Конкурс өткізу туралы хабарландыру Астана қаласы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

3.2. Конкурс жыл сайын екі кезеңмен өткізіледі.

1-кезең – іріктеу, қалалық. Өткізу түрі – ұсынылған құжаттар мен қатысушылардың материалдары негізінде - сырттай. Іріктеу турының қорытындысы бойынша әр номинация бойынша 1-орын алған жеңімпаздар Конкурстың финалдық кезеңіне жіберіледі.

2-кезең – финалдық, республикалық (тамыз - қыркүйек). Өткізу түрі - сырттай/online форматта бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша қатысушылар туралы ұсынылған құжаттар мен конкурстық материалдар негізінде.

3.3. Конкурсқа қатысу үшін Ереженің 1.5 және 2.3-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін педагогтар өтінімін және 3.10, 3.15-тармақтарда көрсетілген барлық қажетті құжаттарды, конкурстық материалдарды береді. Осы Ережелерде көрсетілген талаптар мен формаларға сәйкес келмейтін материалдар және/немесе мерзімінен кеш түскен материалдар қаралмайды.

3.4. Конкурсты өткізу үшін конкурстық комиссиялар (бұдан әрі – Комиссия) құрылып, бекітіледі. 1-кезеңді өткізу үшін комиссияны Әдістемелік орталық құрастырады, комиссия құрамы Әдістемелік орталық бұйрығымен бекітіледі.

3.5. Конкурстық Комиссия:

1) Конкурс кезеңдерін дайындауға, өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, өткізу мерзімдері, бағдарламасы, конкурс құзыреттерінің тізбесі бойынша ұсынымдар құрайды;

2) қазылар алқасының құрамын бекітеді, қорытындылайды және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды;

- 3) Конкурстың құжаттамасын (конкурстық тапсырмалар, бағалау критерийлері, номинациялар бойынша қорытынды хаттамалар және басқа да құжаттар) әзірлейді;
- 4) білім беру ұйымдарына ақпараттық хаттар, бағдарлама және т.б. жолдайды;
- 5) Конкурстың техникалық сүйемелдеуін қамтамасыз етеді;
- 6) Конкурсты ақпараттық жариялылығын қамтамасыз етеді.

3.6. Қалалық кезеңнің жеңімпаздарын анықтау үшін Конкурстың қазылар алқасы құрылады.

1) Конкурстың құрамы мен қазылар алқасының төрағасын конкурстық комиссиясы белгілейді;

2) қазылар алқасы Конкурс жеңімпаздарын критерийлерге сәйкес ең көп балл саны бойынша белгілейді;

3) жеңімпаздарды анықтауды қазылар алқасының мүшелері жабық дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

### **1-параграф. Конкурстың 1-кезеңін өткізу тәртібі**

3.7. I кезең (іріктеу) Астана қаласы деңгейінде өткізіледі. I кезеңге қатысу үшін Ереженің 1.5 және 2.3-тармақтарына сәйкес АБҰ педагог қызметкерлері шақырылады. Өткізу түрі ұсынылған құжаттар мен Қатысушылардың материалдары негізінде - күндізгі немесе сырттай. Кезеңді өткізу мерзімдері жыл сайын сәуір- мамыр айларда, нәтижелері бойынша екінші кезеңге қатысу үшін ұсынылатын Конкурстың 1-кезеңінің жеңімпаздары белгіленеді.

3.8. Педагогтарды бағалау үшін конкурстың бірінші кезеңінде қалалық Конкурстық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады, оның құрамы Әдістемелік орталықтың бұйрығымен бекітіледі. Комиссия құрамы басқарма қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтардан, педагогикалық шеберліктің кәсіби конкурстарының жеңімпаздарынан, әдіскерлерден, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен, сондай-ақ білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құралады. Комиссия мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрайды. Комиссия отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды деп есептеледі. Комиссия төрағасы мен төрағаның орынбасары Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Хатшы оның мүшесі болып табылмайды.

3.9. I кезеңге қатысу үшін Конкурсқа қатысушылар келесідей құжаттар мен материалдарды электрондық форматта ұсынады:

- Конкурсқа қатысуға арналған форма бойынша өтінім сканерленген нұсқадағы формаға (1-қосымша) сәйкес «Конкурс» деген белгімен **2024 жылғы 30 сәуірден** кешіктірмей **dop.inclusive@mail.ru** электрондық мекенжайына беріледі;
- Арнайы білім беру ұйымдарының басшылары растаған педагогқа ұсыным;
- Жұмыс орны бойынша расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;
- Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Арнайы білім беру ұйымының ұйымдастыру комитеті отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені қазақ немесе орыс тілінде ұсыну;
- Электрондық портфолио (педагогтың электрондық портфолиосының құрылымы 2-қосымшада көрсетілген);
- 3-қосымшада баяндалған техникалық шарттарға сәйкес электрондық тасығыштағы ОО, ППТК және АО педагогының жеке-дамытушы бағдарламасына (бұдан әрі - ЖДБ, бейнеге қосымша беру) сәйкес жазылған оқу сабағы;
- Педагогтың бейне-визиткасы - 5-қосымшада көрсетілген техникалық шарттарға сәйкес педагогтың кәсіби құзыреттілігі, жеке жетістіктері мен қасиеттері туралы ақпаратты қамтитын қысқаша бейнеролик;

- Арнайы білім беру саласындағы ғылыми әзірлемелер мен зерттеулер, педагогтың әдістемелік жинақшасы -б-қосымшада көрсетілген әдістемелік кейс;

3.10. Материалдарды ұсыну мерзімі **2024 ж. 30 сәуірден** кешіктірілмейді. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен, талаптарды сақтамай ресімделген материалдар қаралмайды.

Материалдарды **2024 жылғы 30 сәуірден** кешіктірмей **dop.inclusive@mail.ru** эл. поштаға жіберілу керек. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен, талаптарды сақтамай ресімделген материалдар қаралмайды.

3.11. Конкурстың I (іріктеу) кезеңіне қатысуға жіберілген материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.12. Конкурстық комиссия ұсынылған материалдарды бағалайды, Конкурстың I кезеңінің әрбір номинациясында жеңімпаздар мен қатысушылардың рейтингін белгілейді. Комиссия шешімдері Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.13. Конкурстың I кезеңінің нәтижелері Конкурс комиссиясы отырысының хаттамасымен тіркеледі және әрбір қатысушыға 15 мамырдан кешіктірмей электрондық пошта арқылы хабарланады. Конкурстың 1-кезеңінің әрбір номинациясы бойынша жеңімпаздар (1-орын) II кезеңге қатысуға ұсынылады.

«Оңалту орталығының,  
Психологиялық-педагогикалық  
түзету кабинетінің, Аутизм  
орталығының үздік педагогы»  
конкурстың ережесіне  
1-қосымша

**«Оңалту орталығының, Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің,  
Аутизм орталығының үздік педагогы» конкурсына қатысуға  
ӨТІНІМ**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.  
Өзім туралы келесідей мәліметтерді хабарлаймын:

1. Жұмыс орны
2. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)
3. Туған жылы, күні, айы
4. Лауазымы
5. Педагогикалық өтілі (жалпы және ұйымдағы)
6. Білімі (қай оқу орны, факультет, қай жылы бітірген)
7. Біліктілік санаты
8. Мекенжайы, индекс пен
9. Жеке куәлік деректері (нөмірі, қашан және кім берді, ЖСН)
10. Байланыс телефоны (үй, мобильді), электронды пошта
11. Марапаттар, ынталандырулар

Қосымша: конкурсқа қатысу үшін құжаттар \_\_\_\_\_ бетте.

Өтінімді толтырған күн \_\_\_\_\_

Конкурсқа қатысушының жеке қолы \_\_\_\_\_

Білім беру ұйымы басшысының қолы \_\_\_\_\_

«Оңалту орталығының,  
Психологиялық-педагогикалық  
түзету кабинетінің, Аутизм  
орталығының үздік педагогы»  
конкурстың ережесіне  
2-қосымша

## Педагогтың электрондық портфолиосының құрылымы

### 1. Педагог туралы жалпы мәліметтер.

- тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), міндетті түрде салынған 3x4 өлшемдегі фотосурет.
- Жоғары білім туралы диплом;
- Ғылыми дәрежесі (бар болса);
- Біліктілігін арттыру (сертификаттар, куәліктер);
- Марапаттар (грамоталар, мақтау қағаздары, алғыс хаттар, пікірлер мен ұсынымдар, біліктілігін арттыру курстарының сертификаттары, оның ішінде қашықтықтан (білімін растайтын құжаттардың сканерлері, курстардың өтуінің, құрмет грамоталарының, сертификаттардың сканерлері).

### 2. Педагогикалық қызметінің мониторингі:

- соңғы үш жылдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың білімдері мен дағдыларының сапасын дамыту мониторингі және динамикасы;
- кәсіби конкурстарға қатысуы туралы мәліметтер (сертификаттар, олар болған жағдайда грамоталар);
- мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық көмектің нәтижелері, балаларды әртүрлі білім беру ұйымдарының түрлеріне (мектеп, балабақша және т.б.) енгізу.

### 3. Ғылыми-әдістемелік қызмет

Педагог жұмыс атқаратын педагогикалық бағыт бойынша барлық ақпарат:

- түзету-дамыту жұмыстарында қолданатын технологияларын, әдіс-тәсілдерін сипаттау;
- дидактикалық материалдың сипаттамасы (фотоматериалдар);
- педагог қатысқан семинарлар, конкурстар, «дөңгелек үстелдер», фестивальдар бойынша материалдар;
- зерттеу қызметі;
- авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды әзірлеу, оларға хаттамалар жазу (бар болса);
- білімдік және әлеуметтік жобаларды іске асыру жөніндегі материалдар (бар болса);
- шығармашылық есептер, семинарлар, ашық сабақтар, тренингтер, ғылыми-практикалық конференцияларда сөйлегені туралы мәліметтер;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- тәжірибе алмасу бойынша жұмыс.

### 4. Сабақтан тыс қызметі:

- балалардың шығармашылық жұмыстары (бар болса);
- ата-аналардың, әріптестердің, педагогтардың, әлеуметтік серіктестердің, жұртшылықтың пікірлері;
- волонтерлік қызмет, қайырымдылық шараларына қатысуы.

*Сканерленген құжаттар Бір құжатпен ұсынылуы және Zip-папка форматында мұрағатталуы тиіс.*

**Оқу сабағының бейнеролигіне (жеке немесе кіші топтық) техникалық шарттар және сабақты бағалау критерийлері.**

1. Конкурса сабақтың бейнеролигі (жеке немесе кіші топтық) ұсынылады.
2. Сабақтың бейнеролигі педагогтың мүмкіндігі шектеулі балалармен психологиялық-педагогикалық жұмысында заманауи, инновациялық әдістерді қалай қолданатынын көрсетуі қажет. Конкурстық сабақ үшін түзету-дамытушылық оқытудың кез келген формасы бойынша сабақтың кез келген түрін пайдалануға болады. Конкурстық сабақтың өтуі уақыт шеңберімен шектеледі. Осы уақыт ішінде сабақтың құрылымдық элементтерін емес, психологиялық-педагогикалық табыстарды және педагогтың түзету-дамыту жұмысының заманауи әдістерін көрсетуіне мүмкіндік беріледі. Конкурстық сабақтың әдістемелік мақсаты бар, онда педагог бейне сабақта не көрсеткісі келетіні айқындалады.
3. Техникалық шарттар:
  - Бейне формат: DVD, MPEG4, минималды ажыратымдылық - 720x480(12: 8 см).
  - Бейнероликтің ұзақтығы - 5-10 минут (сабақтың барлық кезеңдерін қамти отырып);
  - Педагогтың атымен ақпараттық экран сақтағышымен ресімдеу.
  - Бейнероликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану - педагогтың қалауы бойынша.
4. Конкурса тақырыпқа сәйкес келмейтін басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын жарнамалық сипаттағы роликтер қабылданбайды.
5. Сабақты бағалау критерийлері:

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	Макс.балл
1.	Баланың даму бұзылыстарының күрделілігі	3
2.	Сабақ (жеке, кіші топтық, топтық)	3
3.	Мақсаттар мен міндеттер қою: сабақ мақсаттары диагностикалық, өлшемді тұрғыда, сабақтың түзету-дамыту мақсаттары мен міндеттеріне, баланың даму деңгейіне, оның жеке-типологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі	3
4.	Мотивациялық өрісті құру	3
5.	Баланың іс-әрекетін жоспарлау: жұмыс кеңейтілген технологиялық картада ұсынылған жоспар бойынша жүргізіледі	3
6.	Сабақтың мазмұны: сабақтың ғылыми мазмұны, баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкестігі, теорияның практикамен байланысы, пәнаралық байланыстар.	3
7.	Іс-әрекеттік сипаттағы технологияларды, әдіс-тәсілдерді пайдалану	3
8.	Заманауи, инновациялық технологияларды, әдістерді, тәсілдерді, жұмыс құралдарын пайдалану	3
9.	АКТ, арнайы жабдықты, үлестірме материалды пайдалану	3
10.	Баланың ата-анасын сабаққа қосу: ата-ана мен педагогтың белсенді өзара іс-әрекеті	3
11.	Бағалау: баланың іс-әрекетін сапалы, ауызша бағалау	3

12.	Сабақтың нәтижелілігі	3
13.	Педагогикалық шеберлік: педагог баланың ерекшеліктерін ескереді (белсенділік қарқыны, эмоционалдық жағдайы, психикалық процестердің даму деңгейі, темпераменті), педагог әр баланы «көреді»: көмектеседі, ынталандырады, қолдайды	3
<b>Барлығы:</b>		<b>39</b>

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Конкурстық тапсырманың максималды бағасы **39 балл**.

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.



«Оңалту орталығының,  
Психологиялық-педагогикалық  
түзету кабинетінің, Аутизм  
орталығының үздік педагогы»  
конкурстың ережесіне  
4-қосымша

**«Мүмкіндігі шектеулі баланың жеке -даму бағдарламасы» номинациясы бойынша  
«Оңалту орталығының, Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің, Аутизм  
орталығының үздік педагогы» конкурс педагогтарының кәсіби қызметін бағалау  
критерийлері**

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	Макс. балл
1.	Толтыру толықтығы	3
2.	Қолданылатын ғылыми терминологияның дәлдігі	3
3.	Теорияның практикамен органикалық байланыс принципін жүзеге асыру, пәнішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру	3
4.	Командалық бағалау хаттамасының мазмұны мен баланың бағдарламасының сәйкестігі, ӘХЖ бойынша көмек бағдарламасының болуы	3
5.	Түзету-дамытушылық оқытудың мақсаты мен міндеттерін әдістемелік пысықтау, оның функционалдық маңыздылығы	3
6.	Оқыту технологияларын, әдістерін, тәсілдері мен құралдарын таңдау тұрғысынан жеке бағдарламаны әдістемелік пысықтау	3
7.	Тексеру хаттамаларының болуы, толтырудың толықтығы	3
7.	Мемлекеттік қызмет көрсету қажеттілігі (ПМПК қорытындысы, шарт және т. б.) және ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау туралы растайтын құжаттардың болуы	3
8.	Безендіру мәдениеті	3
<b>Барлығы:</b>		<b>24</b>

Конкурстық тапсырманың максималды бағасы **24 балл**.

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

«Оңалту орталығының,  
Психологиялық-педагогикалық  
түзету кабинетінің, Аутизм  
орталығының үздік педагогы»  
конкурстың ережесіне  
5-қосымша

**Педагогтың бейне-визиткасының техникалық шарттары және бағалау критерийлері.**

- Формат: DVD, MPEG4. Минималды ажыратымдылық-720x480 (12:8 см).
- Бейнероликтің ұзақтығы-1,5 минут.
- Қатысушының аты-жөні жазылған ақпараттық экран сақтағышымен ресімдеу.
- Бейнероликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану-мұғалімнің қалауы бойынша.

Бейнені түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды, фотосуреттерді, бейне фрагменттерді, арнайы эффектілерді, фондық музыканы пайдалануға болады.

Байқауға тақырыпқа сәйкес келмейтін басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын жарнамалық сипаттағы бейнероликтер қабылданбайды.

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	Макс. балл
1.	Плагиаттың болмауы, авторлық оқудың болуы	3
2.	Бейнеролик идеясының айқындығы	3
3.	Бейнематериалды берудің өзіндік ерекшелігі	3
4.	Ақпаратты берудің толықтығы мен дұрыстығы	3
5.	Ақпараттың орындылығы, теңгерімділігі	3
6.	Бейнеролик дизайнының эстетикалығы	3
7.	Өзін таныстыру қабілеті/кәсіби дағдылары	3
<b>Барлығы:</b>		<b>21</b>

Конкурстық тапсырманың максималды бағасы **21 балл.**

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

«Оңалту орталығының,  
Психологиялық-педагогикалық  
түзету кабинетінің, Аутизм  
орталығының үздік педагогы»  
конкурстың ережесіне  
6-қосымша

**«Педагогтың, психологтың, ЕДШ нұсқаушысының әдістемелік кейсі»  
номинациясына «Оңалту орталығының, Психологиялық-педагогикалық түзету  
кабинетінің, Аутизм орталығының үздік педагогы» конкурс педагогтарының кәсіби  
қызметін бағалау критерийлері**

Әдістемелік кейс материалдардың құрылымдық цифрлық кешені болып табылады: нормативтік-құқықтық құжаттама, үздік тәжірибелердің үлгілері, ұйымдастырушылық-әдістемелік материалдар.

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	Макс. балл
1.	Шығармашылықтық тәсіл, өзіндік ерекшелік	3
2.	Әдістемелік кейс мазмұнының мақсатты бағыттылығы, маманның ерекшелігіне сәйкестігі, кейстің түзету-дамыту міндеттерін шешуге бағдарлануы	3
3.	Қолжетімділік, әр жұмысқа нақты нұсқаулармен қамтамасыз етіледі	3
4.	Авторлық әзірлемелер	3
5.	Бейне-ойындардың болуы	3
6.	Дидактикалық үстелдік, едендік ойындар	3
7.	Иллюстрациялық материалдың топтамасы (суреттер, фотосуреттер, схемалар және т. б.)	3
8.	Безендіру мәдениеті	3
<b>Барлығы:</b>		<b>24</b>

Конкурстық тапсырманың максималды бағасы **24 балл**.

0 - сәйкес келмейді

1 - пысықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.